



“Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша Бозтал ауылының ЖОББМ” КММ-сі

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 және 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрықтарына сәйкес барлық білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ақпарат.




Ақпараттық және медиа қолдау



Мектеп бойынша сайттар жұмыс істейді.

Мектептің фейзбук, инстаграм парақшалары бар.

Әлеуметтік желілердегі белсенділік, жариялымдар саны- 1394





Ерейментау ауданының білім бөлімі бойынша жауапты мамандар



«Бозтал ауылының
жалпы орта білім беретін
мектебінің директоры»
Сергазинова Гүльнара
Темирбулатовна



«Бозтал ауылының
жалпы орта білім беретін
мектебінің директорының тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары»
Кожаметова Алия



«Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ бойынша



Мекеме	Саны	Бала саны	Педагог саны
Шағын орталық	1	16	1
Мектепалды даярлық сыныбы	1	10	1
«Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ бойынша	1	103	20



Күнделікті, апталық және айлық шаралардың өтуі

Ай сайын

- «Адал азамат» біртұтас тәрбие құндылықтарын сабақтарда, сыныптан тыс шараларда, сынып сағаттарында дәріптеу

Күнделікті

- “Ұлттық ойын-ұлт қазынасы”, “Өнегелі 15 минут”
- “Үнемді тұтыну”, “Күй күмбірі”

Апта сайын

- Менің Қазақстаным” әнұран, “Апта дәйек сөздері”, “Қауіпсіздік сабағы”
- Жобалар, алдын-алу шаралар



«Адал азамат – біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында мектебімізде жүйелі тәрбиелік жұмыстар жүргізілуде. Әр дүйсенбі күні Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалады. Әр сейсенбіде оқушылар арасында сергіту сәттері ұйымдастырылып, салауатты өмір салты насихатталады. Әр бейсенбіде «Таза бейсенбі» акциясы өткізіліп, тазалық пен жауапкершілікке баулу жұмыстары жүзеге асырылады. Сонымен қатар, «Үнемді тұтыну» бағыты бойынша суды, тамақты және энергияны ұқыпты пайдалану мәдениетін қалыптастыру мақсатында жадынамалар таратылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мектепте қоңырау орнына ұлттық күйлер қойылып, оқушылардың рухани-мәдени тәрбиесіне көңіл бөлінуде.

«Өнегелі 15 минут» жобасы аясында оқушылар мен ата-аналар арасында тәрбиелік мәні бар әңгімелер ұйымдастырылып тұрады.

<https://www.instagram.com/reel/DTrlyZLghi0/?igsh=YnVvYmdicGZmbnFk>

<https://www.instagram.com/p/DXblRmODe-C/?igsh=MTU1bTRpbzllZXkxYw==>

<https://www.instagram.com/p/DR1-luDjcjp/?igsh=ZHpibnR2YjFqNTFs>

<https://www.instagram.com/reel/DRclXnjDdL0/?igsh=ZHQxd3h6OHA4Ympl>

<https://www.instagram.com/reel/DRkMGNuDRZU/?igsh=b2U4OWhvajZja2tw>



Қауіпсіздік шаралары



Мектепте қауіпсіздік сабақтары мен тәрбие сағаттары аясында жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың, буллингтің алдын алу, интернет желісіндегі қауіпсіздік мәселелері бойынша тұрақты түсіндіру жұмыстары жүргізіліп келеді. Әр тоқсан сайын оқушылар мен ата-аналарға арналған жиналыстар ұйымдастырылып, қауіпсіздік ережелері таныстырылып отырады.

Сонымен қатар, жазғы демалыс кезіндегі оқушылардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Онда мопед, мотоцикл, электровелосипед қауіпсіздігі, жолда жүру ережелері, түнгі уақытта көшеде жүруге тыйым салу, су айдындарындағы қауіпсіздік және интернет қауіптері туралы айтылды.

Аталған жұмыстарға жауапты – ауылдық жергілікті учаскелік полиция инспекторы Шалов Ерлан Амангелдіұлы. Сонымен бірге, ерте жүктіліктің алдын алу және жыныстық қолсұғылмаушылық тақырыптарында мектеп медбикесі Шамерханқызы Гүлирамен бірлескен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп келеді. Ер балалармен жеке кеңестер әлеуметтік педагог Жолжақсы Шашудың көмегімен ұйымдастырылып отырды. Сондай-ақ, оқушылардың психологиялық көңіл-күйін бақылау, эмоционалдық қолдау көрсету және буллингтің алдын алу бағытында мектеп психологы Аскарова Мейрамгуль Жалеловна тарапынан психологиялық кеңестер мен тренингтер өткізілуде.

<https://www.instagram.com/p/DQwZYYcCJYX/?igsh=b3VueHhoMXc0cG02>
https://www.instagram.com/p/DXbz8g4jf_S/?igsh=MTh5Z3Q1cGNzaWR5ag==
<https://www.instagram.com/reel/DYTcvgSiByA/?igsh=MWd1Ym53dWJudzQ4bw==>



Қамқор жобасы



Жоба аясында атқарылған шаралар	Қамту	Білім алушы	Ата-ана	Педагог
4	100%	103	15	20

«Қамқор» жобасы аясында мектебімізде табиғатты қорғау мен экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды. 1 сәуір – Халықаралық құстар күніне орай «Құстар – қанатты досымыз» атты акция өткізілді. Сонымен қатар, «Таза Қазақстан» акциясы аясында түрлі экологиялық іс-шаралар жүзеге асырылды. Табиғатқа қамқорлық жасау – әрбір азаматтың міндеті екені оқушыларға насихатталды.

Жоба аясында апта сайын «Таза бейсенбі», «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциялары, «Түлектерге ағаш егу» челленджісі ұйымдастырылып отырды. Сондай-ақ сынып сағаттары өткізіліп, «Біз табиғаттың достарымыз» тақырыбында саяхаттар мен «Қоғамға қызмет ету» бағытындағы волонтерлік жұмыстар жүргізілді.

Жалпы, мұндай жобалар оқушылардың табиғатқа деген жанашырлығын арттырып, әлеуметтік қолдауға мұқтаж жандарға көмек көрсетуге, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінуді тәрбиелеуге бағытталған

- <https://www.instagram.com/reel/DWQP88kAux4/?igsh=MWhuZ3EzeHAzZXF0dQ==>
- <https://www.instagram.com/reel/DWiRTrtApLA/?igsh=dDN2MTlwenQwa2t1>
- https://www.instagram.com/reel/DXuVK_1DVLz/?igsh=ZHJtd2tqeXp1Z3Qzhttps://www.instagram.com/reel/DXwVsWqNlrG/?igsh=eG1mbHVhdnRweXE3
- <https://www.instagram.com/p/DPqyPWODbCo/?igsh=MW00emM5a2k5ZDNtbg=>



Еңбегі адал – жас өрен



Жоба аясында атқарылған шаралар	Қамту	Білім алушы	Ата-ана	Педагог
4	100%	103	40	20

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында мектебімізде «Күзгі асар» жәрмеңкесі, «Bauyrsaq Party» іс-шарасы ұйымдастырылды. Сонымен қатар, кәсіби бағдар беру мақсатында «Мамандықтар әлемі» тақырыбында кездесу өтіп, «Мамандықтар марафон» байқауы өткізілді. Іс-шаралар оқушыларды еңбекқорлыққа, ұйымшылдыққа және мамандық таңдауға бағыттады.

https://www.instagram.com/reel/DP4RyhlDZU-/?igsh=eGk2cDdxZ2UzdG5shttps://www.instagram.com/p/DP4SY1ijRLM/?img_index=3&igsh=MXZuOW8zMG05aWhiZQ==
<https://www.instagram.com/reel/DV-PDS6Ark2/?igsh=cmxrYnB0ZXlkWc2>



Шабыт жобасы



Жоба аясында
атқарылған
шаралар

Қамту

Білім
алушы

Ата-ана

Педагог

5

100%

103

18

20

Шабыт» жобасы аясында мектебімізде «Даналық ұстаздан» челленджі, Ұлттық мәдениет көрмесі, «Жас сарбаздар» әскери-патриоттық әндер фестивалі, «Мектеп театры» ұйымдастырылды. 3 сәуір күні «Шабыт» жобасы аясында өткен аудандық іс-шараға қатысып, оқушыларымыз актерлік шеберліктерінің жоғары деңгейін көрсетті. Нәтижесінде мектебіміздің оқушылары I орынға ие болды. Жолжақсы Шашу.



<https://www.instagram.com/reel/DWCop7YDQd7/?igsh=N3N5eGpjendsejY1>



Ұшқыр ой алаңы



Жоба аясында атқарылған шаралар	Қамту	Білім алушы	Ата-ана	Педагог
9	100%	10	3	4

“Ұшқыр ой алаңы “ жобасы бойынша дебат клубы қызмет атқарады. Дебатқа 8-11 сынып оқушылары қатыстырылды. Мектебімізде мектепшілік зияткерлік сайыстар мен «Заң және тәртіп» тақырыбында пікірсайыстар ұйымдастырылып отырды. 2025 жылғы 7 қарашада «Малтабар ауылы Перуаш Кәрімұлы атындағы ЖОББМ» КММ-де өткен аудандық пікірсайыс турниріне «Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ оқушылары қатысып, жоғары нәтиже көрсетті. Турнир барысында оқушылар өз ойларын еркін жеткізіп, дәлелді пікірталас жүргізу дағдыларын танытты. Нәтижесінде мектеп командасы ІІ орын иеленді. Жетекшісі – ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Кайролаева Ақбота Қуанышқызы.

<https://www.instagram.com/p/DQwcg36CKJF/?igsh=YmlrcHgZnmp2Y281>

<https://www.instagram.com/p/DVdSc9ADbKE/?igsh=cXBsM3pzY2gwbXJ4>

<https://www.instagram.com/p/DXPCEFNDbq4/?igsh=MWtnczgxYWd3d2toeA==>



Smart Bala



Жоба аясында атқарылған шаралар	Қамту	Білім алушы	Ата-ана	Педагог
3	100%	10	3	5

«SMART BALA» жобасын іске асыру мақсатында оқушылар арасында жасанды интеллектті пайдалана отырып логикалық ойындар, практикалық және робототехникалық жұмыстар ұйымдастырылды. Оқушылар математика, физика және цифрлық сауаттылық пәндерінде заманауи технологияларды еркін қолдану дағдыларын меңгерді. Сонымен қатар, 10 сәуір күні “Startup” жобасы аясында өткен аудандық «Бизнес идея» байқауына қатысқан 5-сынып оқушысы Бүркітай Әмір жүлделі ІІІ орынға ие болып, 5 000 теңге көлеміндегі сыйақымен марапатталды. Жетекшісі – Шакритхан Келгенбек.

<https://www.instagram.com/p/DRwapPXjRCg/?igsh=MTVmcXF1c25kNHV0ZA==>

<https://www.instagram.com/p/DU6OncTDctW/?igsh=N2phNG5vajd5YTBv>



Балалар кітапханасы



Жоба аясында атқарылған шаралар	Қамту	Білім алушы	Ата-ана	Педагог
5	100%	103	11	20

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру және рухани дамуын қолдау мақсатында әдеби кештер, кітап көрмелері, кітап жәрмеңкелері, оқулық кейіпкерлерімен таныстыру жұмыстары ұйымдастырылды. «Кітаптар айналымы», «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджері өткізілді. Сонымен қатар, «Мен және менің сүйікті кітабым» байқауы, күзгі, қысқы және көктемгі демалыстарда кітап оқу акциялары, отбасымен бірге кітап оқу шаралары және «Әжемен ертегісі» челленджі ұйымдастырылды. Оқушыларға арналған кітаптар, аудиокітаптар жинақталып, жадынамалар таратылды.

Жобаға жауапты – кітапханашы Секуова Алтын Төлегенқызы.

<https://www.instagram.com/p/DRID9GxEskJ/?igsh=eTc1bH12OWxxNQ==>

https://www.instagram.com/p/DOSTT1cgkDL/?img_index=1&igsh=MXJidDdxZ2h6dThmZQ==

<https://www.instagram.com/reel/DWVRw8bAIX2/?igsh=MWUxeGo3aWc5ZDIzag==>

<https://www.instagram.com/reel/DUtrULYDYV5/?igsh=MTZia2Q5aWoxbHNRZg==>

<https://www.instagram.com/p/DTFM11EDQVp/?igsh=aWhhOWZwZ294aXAY>



Абай клубы



Мектебімізде «Абай клубы» жұмыс жасайды. Клубқа 1–10 сынып оқушылары қатысып, жалпы саны 26 оқушыны құрайды. Жетекшісі – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Нурахметова Гаухар Сапарбекқызы.

Клуб аясында мектепшілік Абай оқулары, мәнерлеп оқу байқаулары, Абайдың қара сөздері (оның ішінде 45 қара сөзі) мен өлеңдерін оқу және талдау шаралары тұрақты түрде ұйымдастырылып тұрады.

2026 жылдың 16 сәуірінде өткен аудандық «Абай оқулары» байқауына оқушылар қатысып, өз өнерлері мен білімдерін жоғары деңгейде көрсетті. Нәтижесінде Аралбай Сымбат пен Нұрсапа Міржақып марапатқа ие болса, Бекешұлы Ақберен жүлделі ІІІ орынды иеленді.





Ата-аналарды қолдау орталығы



«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасы аясында ата-аналардың тәрбиелік мәдениетін арттыруға бағытталған түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. Жоба аясында «Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру» тақырыбында тренингтер өткізіліп, ата-аналарға бала тәрбиесіндегі тиімді әдіс-тәсілдер таныстырылды. Сонымен қатар, Отбасы күніне арналған «Отбасы дәстүрлер апталығы», «Балаларды қорғау күні» акциялары ұйымдастырылды. «Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» тақырыбында шеберлік сыныптары өткізіліп, әкенің отбасы тәрбиесіндегі маңызы түсіндірілді.



Ата-аналар арасында «Атадан – өсиет, анадан – қасиет» тақырыбында шеберлік сабақтары, тренингтер және кездесулер ұйымдастырылып, ұлттық тәрбие мен отбасылық құндылықтарды насихаттау жұмыстары жүргізілді.

<https://www.instagram.com/reel/DSmwnL3DUPz/?igsh=cXZldnU3Yms0aGN6>

<https://www.instagram.com/reel/DShyucpjY47/?igsh=MWt0cWxiZGVtbzRraA==>

https://www.instagram.com/reel/DWB72lXgh_R/?igsh=MWJzeTRla2t4d3BwcQ=



Алдын алу шаралары



Мектепте оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықбұзушылықтың, буллингтің және зиянды әдеттердің алдын алу мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Осы бағытта «Цифрлық әлемдегі қауіпсіздік қадамы» жобасы аясында интернет қауіпсіздігі, әлеуметтік желідегі әдеп және киберқауіпсіздік бойынша түсіндіру сабақтары ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, «Буллингтен қорған!», «Ойынға салауатты көзқарас», «Өмірге салауатты қадам», «Қоғам мүлкін қорға!», «Қауіпсіз қоғам» тақырыптарында тәрбие сағаттары мен кездесулер өткізілді. Оқушыларға салауатты өмір салтын ұстану, қоғамдық тәртіпті сақтау, өзара сыйластық пен жауапкершілік туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мектепте тұрақты түрде қауіпсіздік сабақтары ұйымдастырылып, оқушыларға өмір қауіпсіздігі ережелері, құқықтық мәдениет және қоғамдағы тәртіп нормалары түсіндіріліп отырады.

<https://www.instagram.com/p/DPyvHJzAjR1/?igsh=cHgxejdlbGF5bHNm>

<https://www.instagram.com/reel/DOe6sntjaD1/7igsh-dzdmYzFmOGVhMG5n>

https://www.instagram.com/p/DXbz8g4jf_S/?igsh=MTh5Z3Q1cGNzaWR5ag==

<https://www.instagram.com/p/DQwZYYcCJYX/?igsh=b3VueHhoMXc0cG02>



«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы



Туындаған қиындықтар	Шешу жолдары
Мектептердегі материалдық-техникалық базаның тапшылығы.	Аудандық бюджеттен қаржының бөлінуі, демеушілерді көмегіне жүгіну;